



Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

СӨЖ

Медициналық технологиялар мен этикалық мәселелер

Орындаған: Баймухамет Жансая

Топ: ЖМ-21/1к

Қабылдаған: Илгидаева С.М

Медициналық технологияның жүзеге асырылуы



Қазақстанда отандық медициналық ғылымының тиімді моделі құрылуда және ең алдымен, медициналық ғылымның тәжірибелік денсаулық сақтау жүйесімен өзара байланысы күшейтілуде.

Еліміздің өңірлерінде жаңа инновациялық технологиялар қолданысқа енгізілуде: заманауи 400 медициналық жобаның 123-і бүгінде облыстарда іске асырылуда



Бүгінде «Саламатты Қазақстан-2015» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Денсаулық сақтау жүйесі сапалы дамып келеді. Елде озық емдеу-диагностикалық кешендер, медицинаның негізгі бағыттары, оның ішінде ең жаңа бағыттар бойынша ондаған орталықтар құрылды, көліктік медицина дамытылуда. Бізде медициналық пойыздар, автокөлік, медициналық авиация пайдаланылады», - деп атап көрсетті Елбасы Н.Ә. Назарбаев



Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру нәтижесінде жоғары технологиялар енгізілуде, диагностиканың заманауи әдістері қолданылуда.

Ғылыми-зерттеу институттары мен республикалық емханаларда сынақтан өткен жаңа технологиялар бүгінде еліміздің өңірлерінде нәтижелі қолданылуда. Қазақстанда 2012 жылы 24 ғылыми-техникалық бағдарлама іске асырылады.

Оның ішінде, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерді медициналық білім берумен және ғылыммен айналысатын 32 ұйым іске асыруда.



□ 2012 жылдан бері травматология және ортопедия ғылыми орталығында жамбас буынын цементсіз бекітуге арналған эндопротез ойлап табылса

□ Көз ауруларының ғылыми-зерттеу институты емдеудің жаңа әдісін - Кәрілікпен келетін макулострофияның фотодинамикалық терапиясын ойлап тапты.



Бүгінде еліміздің медицина саласының қызметкерлері тәжірибелік денсаулық сақтау жүйесіне жаңа жобаларды нәтижелі енгізіп жатыр. Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталықтың базасында жүректің жасанды сол қарыншасын имплантациялау отасы жасалды.

Бұл Қазақстан үшін бірегей операция.

Ал Ұлттық ғылыми медициналық орталықтың базасында FDA (Food Drug Administration, АҚШ) сертификатына ие болған зертхана және «Адамның жілік майы клеткаларының банкі» ашылып отыр.




Медициналық қызмет этикасы



Медициналық этика немесе медициналық деонтология – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы.

медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді:



ҒЫЛЫМИ – медициналық қызметкерлердің жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы


практикалық – кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру

қолдану міндеті болып табылатын медициналық тәжірибие саласы

**Медициналық этика үш негізгі бағыт
бойынша тұлғаралық қарым-
қатынастардың әртүрлі мәселелерін
зерделейді және шешеді:**



медициналық
қызметкер –
емделуші



медициналық
қызметкер –
емделушінің
туысқандары



медициналық
қызметкер –
медициналық
қызметкер

«Медбике-емделуші» арасындағы қарым-қатынастар:

- 1 Медициналық бике емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады.
- 2 Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.
- 3 Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым салынады.
- 4 Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын медбике осы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.



«Медбике – емделушінің туысқандары» арасындағы қарым-қатынастар:

- I. Ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет;
- II. Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс;
- III. Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс;
- V. Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.



Қорытынды:

- аппараттардың бағалары өте қымбат, оны алуға әрбір мекеменің қалтасы көтере бермейді;
- кейбір елді мекендерде медициналық аппараттар ескірген, оның салдарынан көптеген зиянды сәулелер бөлініп, адам денсаулығына зиянын тигізуі мүмкін;
- медициналық аппараттардың жетіспеушілігі, мысалы, атроскоп, эндапротез аппараттары еліміздің Астана және Алматы қалаларында ғана бар;
- орташа айлық табысы немесе одан төменгі табысы бар отбасылар өздері толығымен одан медициналық тексеруден өте алмайды.
- медициналық аппараттарды өз елімізде, жаңа технологияларды пайдаланып жасау (өндіру);
- көп балалы отбасыларға тексеруден мемлекет тарапынан жеңілдіктер қарастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан. – №41-42. – 28 қаңтар 2012ж. – 1-2 б.б.
2. Интернет желісі: www.mz.gov.kz
3. Интернет желісі: vkocrn@semsk.kz
4. Интернет желісі: vkosgma@mail.ru
5. Интернет желісі: stat.kz